

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университет

Келісілді

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
«Ұлағат» баспасының директоры


20 сәуір

Балықов Н.Р.
2026 ж.

Бекітілді

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Зерттеу қызметі және инновация жөніндегі директоры



Сұлтан Е.
2026 ж.

ЖУРНАЛДЫҢ РЕДАКЦИЯЛЫҚ САЯСАТЫ

«Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, «Физика-математика ғылымдары» сериясы»

Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, «Физика-математика ғылымдары» сериясы жылына 4 рет желілік (электрондық) форматта журнал нөмірлерінің жариялануының төмендегідей белгіленген мерзімдерінде шығарылады:

- бірінші нөмір ағымдағы жылдың 29 наурызына дейін шығарылады;
- екінші нөмір 29 маусымға дейін;
- үшінші нөмір 29 қыркүйекке дейін;
- төртінші нөмір – 29 желтоқсанға дейін.

Журналдың мақсаты мен тақырыптық бағыты

математика, физика, техника, информатика және білімді актуалдандыру салаларында ғылыми-әдістемелік және практикалық материалдарды жариялау. Журнал – ғылыми мектептер мен зерттеушілердің теориялық және қолданбалы зерттеулерінің нәтижелерін жедел жариялауға арналған мерзімді басылым болып табылады. Сондай-ақ журналда физика, математика, техникалық және гуманитарлық (білім беру) ғылымдардың әртүрлі салаларындағы ғылыми мәселелерге арналған мақалалар жарияланады.

Жариялау шарттары

Жариялау тек журнал талаптары орындалған жағдайда ғана мүмкін болады:

Мақалада авторлық ұжымнан (екі және одан да көп автор болған жағдайда) хат алмасушы автор анықталып, ол ғылыми мақаланың электронды қолжазбасын редакция алқасына журналдың келесі нөмірі шыққанға дейін кемінде екі ай бұрын танысуы қажет. Ұсынылатын мақаланың көлемі – кемінде 5 және 8 беттен аспауы тиіс. Озге жағдайда мақаланың көлемін журнал редакциясымен келісу қажет. Мақала мәтініндегі иллюстрациялар, сызбалар, кестелер жалпы мәтін көлеміне есептеледі.

Қолжазба хат алмасушы автор арқылы барлық метадеректер мен авторларды көрсете отырып, электрондық платформаға жүктелуі тиіс. Бір автордың (жеке немесе авторлық ұжыммен бірлесіп дайындалған) мақаласы журналда күнтізбелік жыл ішінде бір реттен артық жарияланбайды.

Қолжазбамен жұмыс істеу кезеңдерінде редакция, хат алмасушы автор және рецензенттер арасындағы хат алмасу электронды (онлайн) OJS платформасы арқылы, ерекше жағдайларда – электрондық пошта арқылы жүзеге асырылады.



Журналдың редакция алқасы автор(лар)дан түскен қолжазбаларды қарап, оларды рецензиялауды ұйымдастырады және қолжазбаны жариялау немесе жарияламау туралы шешімді қолжазба электрондық платформа арқылы түскен күннен бастап екі ай ішінде қабылдайды.

Журналға жариялауға мақұлданған қолжазба автор(лары) ғылыми журналдарда жарияланымға арналған Абай атындағы ҚазҰПУ-дың бекітілген жариялау ақысы прейскурантына сәйкес төлем жүргізуге міндетті. Жариялау ақысының төленгені туралы түбіртек pdf форматында хат алмасушы автор арқылы журнал редакциясының электрондық поштасына жіберіледі.

Қолжазба бұрын жарияланбаған және басқа басылымдарға ұсынылмаған болуы тиіс, мәтіннің түпнұсқалығы 80%-дан төмен болмауы керек (редакция мәтіндік плагиатты анықтаудың онлайн жүйелерін пайдаланып тексеруді жүзеге асырады), журнал сарапшыларынан оң рецензия алуы қажет және техникалық талаптарға сәйкес болуы тиіс. Редакция мақала түпнұсқалығын растайтын қосымша материалдарды талап етуге құқылы.

Рецензиялау түрі

Алғашқы рецензиялауды журнал редакциясы жүргізеді, мақала дұрыс рәсімделмеген немесе журнал талаптарына сәйкес келмеген жағдайда мақала авторға қайтарылады. Оң шешім қабылданған жағдайда жұмыс плагиатқа тексеріледі («Антиплагиат» жүйесі, шекті деңгейі – 80%). Тексеруден өтпеген мақала қайта оңдеуге жіберіледі және журналдың ағымдағы нөміріне енгізілуге қарастырылмайды. Түпнұсқалығы 80%-дан жоғары жұмысты бір немесе бірнеше рецензент тексереді (қажет болған жағдайда ағылшын тілінің грамматикасы және т.б. тексерілуі мүмкін). Қажет болған жағдайда автор рецензенттердің ұсыныстарына сәйкес түзетулер енгізеді. Редакция Double-blind review қағидаатын – автор мен рецензенттің анонимдігін сақтайтын қос «соқыр» рецензиялау жүйесін ұстанады. Екінші рецензиялау процесі бас редактордың мақаланы қарауы және жариялауға қабылдауы болып табылады.

Мұрағаттау және қолжетімділік

- Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, «Физика-математика ғылымдары» сериясы журналының барлық қағаз нұсқалары университеттің кітапханасында (Төле би көшесі, 86) және журнал редакциясында қолжетімді;

- Журналдың электронды нөмірлер мұрағаты (2015 жылдан бастап) университеттің ескі сайтындағы «ІҒЫЛЫМ» бөлімінде <http://sp.kaznpu.kz/ru/series/1/> немесе жаңа сайтта <https://bulletin-phmath.kaznpu.kz/> орналастырылған.

Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, «Физика-математика ғылымдары» сериясы өз контентіне ресми сайтында ашық қолжетімділікті ұсынады. Бұл журналға әлемдік ғылыми қауымдастық деңгейінде ақпаратқа кеңірек қол жеткізуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ журналдың веб-сайтында авторлар мен оқырмандар үшін журнал қызметі туралы қажетті ақпарат: жариялау шарттары, қолжазбаларды рәсімдеу және журналға тапсыру ережелері, журналдың қалыптасу және қолжазбаларды рецензиялау тәртібі, жариялау этикасы, редакция алқасы туралы мәліметтер, ғылыми редактор мен жауапты хатшының байланыс деректері берілген. Оқырмандар мен авторлар журналдың ағымдағы шығарылымының электронды нұсқасымен және алдыңғы кезеңдердің мұрағаттарымен таныса алады.

«Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, «Физика-математика ғылымдары» сериясы» журналы мақалаларының авторлары өз еңбектерін жариялау құқығын журналға береді.

Жарияланған жұмыстың құқық иесі – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті.

Қолжазба авторлығы қолжазбаны дайындауға, идеяны қалыптастыруға, мақаланы жазуға, нәтижелерді интерпретациялауға және ғылыми нәтижелерді алуға елеулі үлес қосқан зерттеушілерге тиесілі.

Авторлар өз қолжазбаларына құқықтарын сақтай отырып, барлығына оларды еркін жүктеліп алуға, қайта пайдалануға, қайта басып шығаруға, өзгертуге, таратуға немесе көшіруге рұқсат береді, міндетті түрде авторлықты көрсету және осы журналдағы бірегей жарияланымға сілтеме жасау шартты міндет болып табылады. Бұл әрекеттерді орындау үшін авторлардан немесе баспагерден арнайы рұқсат талап етілмейді. Авторлар өз мақаласын басқа дереккөздерде (мысалы, институционалдық мұрағатта, әлеуметтік желілерде және т.б.) бастапқы жарияланымға міндетті түрде сілтеме бере отырып тарата алады.

Жариялау этикасы

Редакторлардың, рецензенттердің және авторлардың міндеттері мен құқықтары:

Журналға материалдарды жариялауға дайындау процесіне қатысатын барлық тараптар: авторлар, рецензенттер, редакция алқасының мүшелері Абай атындағы ҚазҰПУ журналдарындағы жариялау этикасы талаптарын (сайтта көрсетілген) сақтайды.

Соның ішінде «Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Физика-математика ғылымдары сериясы үшін»:

Журнал редакторлары қолжазбаларды тек ғылыми маңыздылығы, ақпараттың дұрыс баяндалуы, қорытындылардың объективтілігі негізінде ғана бағалауы тиіс, тек ғылыми пікірталасты ынталандыруы және автордың жеке деректерінің құпиялылығын қамтамасыз етуі керек. Редакторлар сарапшылардың қорытындысымен танысуға және жариялануға қабылданған жұмыстарды жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізуге құқылы.

Редакция алқасының мүшелері жариялау этикасының негізгі талаптарын іске асыру жөніндегі өздеріне жүктелген нұсқаулықтарды орындауға, өз жұмысында құпиялылықты сақтауға және жарияланбаған авторлық ақпаратты өз зерттеулерінде пайдаланбауға міндетті. Редакция алқасының мүшелері журналға жариялау үшін ұсынылған мақалаларды рецензиялау процесіне түрлі сала мамандарын белгіленген тәртіппен тартуға құқылы.

Рецензент белгіленген сараптама мерзімдерін сақтау, алынған материалды құпия түрде қарау, ұсынылған материалдарға анық әрі дәлелді объективті баға беру міндетін орындайды. Егер мақала тақырыбы оның құзыретіне кірмесе немесе жедел рецензиялау мүмкін болмаса, рецензент редакторларды хабарлар етуге немесе рецензиялаудан бас тартуға құқылы.

Авторлардан түпнұсқа зерттеудің сенімді нәтижелерін және оның маңыздылығын объективті талқылауды ұсыну талап етіледі. Мақалада жұмыстың тексерілуін қамтамасыз ету үшін жеткілікті мәліметтер болуы керек, мәтіннің кем дегенде 80% бірегейлігі болуы керек; автор басқа авторлардың дәйексөздері қолданылған жағдайда міндетті библиографиялық сілтемелермен түпнұсқа жұмыстың ұсынылуын қамтамасыз етуі керек. Авторлар, егер оларда мемлекеттік, қызметтік немесе коммерциялық құпияға қатысты мәліметтер болмаса, ғылыми, ғылыми-техникалық қызметтің нәтижелерін баспасөзде жариялауға құқылы.

Жасанды интеллектті пайдалану ережелері

Ғылыми мақаланы жазу барысында жасанды интеллект (ЖИ) құралдарын қолданудың рұқсат етілген шегі 10 %-дан аспауға тиіс. ЖИ қолдану деңгейі 11–15% аралығында болған жағдайда мақала авторға қайта өңдеуге жіберіледі. Ал ЖИ үлесі 16%-дан жоғары болса, мақала қарастырылмайды және қабылданыбайды.

ЖИ құралдарын келесі жағдайларда пайдалануға рұқсат етіледі: деректерді өңдеу және талдау; ғылыми ақпаратты іздеу, іріктеу және жүйелеу; ғылыми мазмұнның мағынасын өзгертісін мәтінді редакциялау; кестелер, диаграммалар және өзге де визуалдық материалдар дайындау; мақаланы техникалық форматтау.

ЖИ құралдарын келесі мақсаттарда қолдануға тыйым салынады: негізгі ғылыми идеяны, гипотезаны және қорытындыларды жазу; авторлық талдау мен зерттеу нәтижелерін алмастыру; мақаланың бөлімдеріндегі мәтіндерді автоматты түрде генерациялау.

Мүдделер қақтығысын және этикаға қайшы мінез-құлықты анықтау шаралары

Еңбек міндеттерін орындау барысында мүдделер қақтығысына әкелуі мүмкін жеке мүдделілік немесе этикаға қайшы мінез-құлық туындаған жағдайда редакция алқасының өкілі журнал мен университеттің мүдделерін басшылыққа алуы тиіс.

Мақалаларды қайтарып алу немесе түзету, түзетулерді, көшірімдерді, терістеулерді жариялау автормен журналдың ресми сайты арқылы редакциямен бірлесіп жүзеге асырылады.

Этикаға қайшы мінез-құлық – бұл авторлардың, редакторлардың немесе баспагерлердің келесі әрекеттері: өз мақалаларына өздігінен рецензия беру; келісілген немесе жасалған рецензиялау; ғылыми зерттеу нәтижелерін жариялау үшін делдалдық (агенттік) қызметтерге жүгіну; авторлар құрамын бұрмалау; жасалған ғылыми мәтіндерді жариялау; мақалалардың мәтіндерін авторлардың келісімінсіз басқа журналдарға беру; автор материалдарын үшінші тұлғаларға беру; авторлық құқықтарды және редакциялық процестердің құпиялылық қағидатын бұзу; дәйексөздермен манипуляция жасау; плагиатқа жол беру; деректерді қолдан бұрмалау немесе қолдан жасап шығару.

Журнал ашық қолжетімді ғылыми журналдарға арналған Principles of Transparency and Best Practice in Scholarly Publishing (Ғылыми жарияланымдардағы ашықтық пен үздік тәжірибе қағидағары) құжатында тұжырымдалған қағидағарды және Жариялау этикасы жөніндегі комитеттің (COPE – Committee on Publication Ethics) стандарттарын қолдайды және пайдаланады.

«Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршы.
Физика-математика ғылымдары сериясы» журналының
бас редакторы, ф.-м.ғ.д., профессор Бектемесов М.А.